

СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

ТАМБАЗ 2023 ЖЫЛ



«КАЗГИДРОМЕТ» РМК СОЛТУСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫ

	Мазмұны	Бет.
1	Алғы сөз	3
2	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
3	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
4	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	7
5	Радиациялық жағдай	8
6	Топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі	8
7	Қосымша 1	9
8	Қосымша 2	9
9	Қосымша 3	10

1. Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс- шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Солтүстік Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

2. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Солтүстік Қазақстан облысында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсуінің негізгі көздері энергетика объектілері, өнеркәсіптік кәсіпорындар және автокөлік болып табылады.

Есептік деректерге (өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептер) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны 27,127 мың тоннаны құрады.

Облыс орталығы-Петропавл қаласы-СҚО әуе бассейнін ластауға ең көп үлес қосады. Мұнда облыстың стационарлық көздерінен ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының 46,9% — ға жуығын беретін кәсіпорын-"СевКазЭнерго" АҚ (ЖЭО-2) орналасқан.

3. Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жайкүйі.

Петропавл қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 2 автоматты станцияда жүргізіледі (Қосымша 1).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 3) күкірт диоксиді; 4) көміртегі оксиді; 5) азот диоксиді; 6) азот оксиді; 7) озон (жербеті); 8) күкірт сутегі; 9) фенол; 10) формальдегид.

1- кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама	Ш. Уалиханов көшесі, 19 Б	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, азот оксиді
3		Жумабаев көшесі, 101А	
5	үзіліссіз режимде 20 минут сайын	Парковая көшесі, 57В	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), күкірт сутегі
6		Ж. Кизатов көшесі, 3Т	күкірт диоксиді, азот диоксиді мен оксиді, күкірт сутегі, көміртегі оксиді

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Петропавл қ., жүргізілді (№1 нүкте- «Береке» шағын ауданы).

Күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегиддың, күкірт сутегінің шоғырлары өлшенді.

Петропавл қ. 2023 жылғы тамыз айындағы атмосфералық ауа сапасы мониторинг нәтижелері

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол №6 бекет аумағында күкірт сутегі бойынша СИ=1,9 (төмен деңгей) және ЕЖҚ = 1% (көтеріңкі деңгей) мәнімен анықталды.

Озонның орташа-тәулік шоғырлары – 1,84 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкірт сутегінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,9 ШЖШ_{м.б.}. Басқа ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Атмосфералық ауаның жоғары ластануы (ЖЛ), экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Максималды бірлік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Петропавл қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,00	0,00	0,00	0,00	0	0	0	0
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,000	0,00	0,00	0,00	0	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,00	0,06	0,03	0,07	0	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,56	0,19	2,15	0,4	0	0	0	0
Азот диоксиді	0,03	0,69	0,09	0,5	0	0	0	0
Азот оксиді	0,02	0,33	0,21	0,51	0	0	0	0
Күкірт сутегі	0,001		0,02	1,9	1	19	0	0
Озон (жербеті)	0,0553	1,84	0,142	0,89	0	0	0	0
Фенол	0,002	0,70	0,006	0,60	0	0	0	0
Формальдегид	0,01	0,73	0,02	0,4	0	0	0	0

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында экспедициялық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Петропавл қ., жүргізілді (№1 нүкте- «Береке» шағын ауданы).

Күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегиддың, күкірт сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (3 кесте).

3-кесте

Солтүстік Қазақстан облысында бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері	
	№1	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Күкірт доксиді	0,003	0,006
Көміртегі оксиді	0	0
Азот диоксиді	0,007	0,035
Фенол	0,001	0,100
Формальдегид	0,001	0,020
Күкірт сутегі	0,001	0,125

Қортынды:

Соңғы бес жылда тамыз айында ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2019 жылы тамыз айындағы ластану деңгейі төмен деп бағаланады. 2020-2021 жылдар аралығында ластану деңгейі жоғарылаған деп бағаланды. 2022 жылы ластану деңгейі жоғары деп бағаланды. 2023 жылы тамыз айында ауаның ластану деңгейі көтеріңкі деп бағаланды.

Метеорологиялық жағдайлар

Тамыз айында облыс бойынша ауаның орташа айлық температурасы 17-22 °С жылы болды, бұл мөлшер шамасында және мөлшерден 1 °С жоғары.

Жауын–шашынның мөлшері облыс бойынша мөлшерден аз 29,8-47,1 мм, бұл мөлшерден ауып кетуі 63,4-96,4 % құрады, кей жерлерде мөлшерден жоғары 50,9-79,2 мм, бұл мөлшерден ауып кетуі 103,7-158,4 % құрады.

Тамыз айында облыс аумағына циклондар мен атмосфералық фронттар әсер етті. Тұрақсыз ауа райы бақыланды: ауа температурасының ауытқуы, жауын-шашын, найзағай, бұршақ, шаңды бұрқасын, ұйтқыма жел күші 15-22 м/с, кей жерлерде екпіні 23-28 м/с дейін.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады. Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 28,21 %, гидрокарбонаттар 22,28 %, хлоридтер 13,76 %, кальций иондары 12,93 % және натрий иондары 8,06 % болды. Жалпы минерализация 26,30 мг/дм³, электрөткізгіштік – 49,50 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы нейтралды сипатқа ие болды (5,60).

4. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жер үсті суларының сапасына бақылау 2 су нысанында (Есіл өзені), 6 тұстамада жүргізіледі

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 47 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолу, температура, қалқыма заттар, меншікті электрөткізгіштік, түсі, иісі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, % оттегімен қанықтыру, құрғақ қалдық, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	өлш. бірл.	Концентрация
	2022 ж. Тамыз	2023 ж. Тамыз			
Есіл өзені	3 класс	2 класс	ОХТ	мг/дм ³	20,9
Сергеевское су қоймасы	3 класс	2 класс	ОХТ	мг/дм ³	25,3

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2022 жылғы тамыз айымен салыстырғанда Есіл өзеніндегі және Сергеевское су қоймасы судың сапасы – жақсарды.

Солтүстік Қазақстан облысының су объектілеріндегі негізгі лаптаушы ОХТ болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі, негізінен, елді-мекендердің ағынды суларының төгілуімен байланысты. Су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2-қосымшада көрсетілген

Жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары

2023 жылдың тамыз айында облыс аумағында жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


5. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Возвышенка, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатының орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,17 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ. және шекті жол берілетін шама аралығында болды.

Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік сынама алу жолымен жүзеге асырылды. Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті түсулерінің орташа тәуліктік тығыздығы 1,4-2,0 Бк/м² шегінде болды. Радиоактивті түсулер тығыздығының орташа мәні 1,7 Бк/м² құрады, ол шекті жол берілетін шегі деңгейінен аспады.

1-қосымша



Сур.1 – Ластануды бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасы СҚО атмосфералық ауасы

2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы	
Есіл өзені	су температурасы 22,4 – 27,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,15 - 8,45, суда еріген оттегінің концентрациясы –7,70 – 14,6 мг/дм ³ құрады, ОБТ ₅ – 0,25 – 3,27 мг/дм ³ , мөлдірлік – 14 - 30 см.	
Сергеевка қ. Сергеевка қаласынан 0,2 км жоғары	Нормаланбайды (>3 класстан)	Фенолдар* – 0,0012 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Покровка а., Покровка ауылынан 0,2 км жоғары	2 класс	ОХТ – 26,1 мг/дм ³ . ОХТның нақты концентрациясы фондық кластан асады
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 0,2 км жоғары	2 класс	ОХТ – 17,1 мг/дм ³ . ОХТның нақты концентрациясы фондық кластан асады
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 4,8 км төмен, 5,8 км ТЭЦ-2 ағын суларынан төмен	2 класс	ОХТ – 21,9 мг/дм ³ . ОХТның нақты концентрациясы фондық кластан асады
Долматово а., Долматово а. 0,4 км төмен	Нормаланбайды (>3 класстан)	Фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Сергеевское су қоймасы	су температурасы 20,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,69, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,92 мг/дм ³ құрады, ОБТ ₅ – 0,76 мг/дм ³ , мөлдірлік - 30 см	
Сергеевска қ. Сергеевка қаласынан ООБ қарай 1 км; КГБ 95° азимут бойынша бөгеттен 2м жоғары	2 класс	ОХТ – 25,3 мг/дм ³ . ОХТның нақты концентрациясы фондық кластан асады

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Анықтама бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖК)

Қоспа атауы	ШЖК мәні, мг/м ³		Қауіпсіздік класы
	Максималды бір реттік	Орташа-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
М-10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон (жербеті)	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН)-

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градации	Атмосфераның ластануы	Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

Су пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша суды пайдалану сыныптарын саралау

Суды пайдалану санаты (түрі)	Тазарту мақсаты/түрі	Суды пайдалану сыныптары				
		1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып	5- сынып
Балық шаруашылығы	Албырт балық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	+	-	-
Шаруашылық- ауыз сумен жабдықтау	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреация		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Қарғадатұнбалау	+	+	+	+	+
Өнеркәсіптік:						
технологиялық мақсатта, салқындату үрдісі		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
су көлігі		+	+	+	+	+

Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11.2016 жылғы №151 бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі*

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері
Тиімді доза	Халық
	кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес

*«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК СҚО БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН ЖАЙЫ:

ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ

ПАРКОВАЯ КӨШЕСІ 57А

ТЕЛ. 8-(7152)-50-09-42

E MAIL: LABOR_XIM@MAIL.RU